

Мәдени ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметінің арасындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 наурыз N 268

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматыда 1995 жылғы 30 тамызда қол қойылған Мәдени ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметінің арасындағы Келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімнің бекітілгені жөнінде Израиль Тарабын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің

Үкіметі арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 6, 98-құжат)

(1998 жылғы 23 желтоқсанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 70 бет)

Бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметі, мәдени ынтымақтастықты құрып және дамытуға Қазақстан мен Израиль Мемлекеті арасындағы мәдени, өнер, білім, ғылым, спорт және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мәдени қатынастарды және өзара түсінікті дамытуға тілегін білдіре отырып,

екі жақ БҰҰ-ның Жарғысы сияқты, заң үстемділігін құрметтей отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар мәдениет, өнер, білім, ғылым, спорт, журналистика, теледидар, радио және басқа бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ынтымақтастықты көтермелеп, дамытып отырады.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар білім беру жүйесінде тікелей байланыстың дамуын көтермелей отырып, ғалымдар, оқытушылар және оқу орындарының студенттерін екі жақта өтетін конференция, симпозиум, конгресс және семинарларға шақырып, алмасу.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара екі елдің тарихын, тілі мен өнерін оқып үйренуді көтермелейді.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара мәдениет пен өнер саласындағы қатынастардың дамуына ықпал етеді, осы мақсатпен олар:

- а) әр ел мәдениет пен өнер күндері мен фестивальдерін бір-бірінде өткізеді;
- б) мәдениет және өнер қайраткерлері мен мекемелері, гастрольдік ұжымдар арасында тікелей қатынасты жалғастыру үшін екі ел делегациялар алмасуы керек;
- в) мәдениет және өнер саласында мамандар алмастыру, сол сияқты драматургия, театр, музыка, өнер және мәдениет тану, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер, археология және сәулет, әртүрлі деректер алу;
- г) бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнер, дәстүрлік шығармашылық жөнінде Көрме ұйымдастырып өткізу;
- д) тарихи-мәдени мұраларды сақтау, қалпына келтіру, археология және сәулет ескерткіштерін консервациялау жөнінде мамандар алмасу;
- е) екі ел мұражайлары, кітапханалары мен архивтерінің өзара қатынасы.

5 - б а п

Уағдаласушы Тараптар ішкі заңдарына сәйкес мәдениет және өнер министрліктері, мекемелері мен оқу орындары, екі тілде жұмыс істейтін мәдени және көркемөнер орталықтары, сол сияқты шығармашылық одақтары мен қоғамдық мәдениет ұйымдарының тікелей қатынас жасауларын қолдайды.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар журналистер, радио және теледидар және басқа бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ынтымақтастыққа, баспа, теледидар және радио шығармаларымен алмасады. Бұқаралық ақпарат құралдары саласында делегация және жеке мамандар арасындағы байланыстарға мүмкіндік жасайды.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар кино өнері саласындағы ынтымақтастықты, екі ел

бір-бірінде кино апталықтарын, кино фестивальдерін өткізуге, бірлесіп кино қою өндірісіне өзара келісуді көтермелейді және қолдайды.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар спорт саласындағы ынтымақтастықты спортшылармен, тренерлермен, эксперттерімен және мамандарымен алмасып, спорттық кездесулер мен шараларды ұйымдастырып жүзеге асырады.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар білім беру мекемелері мен институттарда жүретін оқулық пен оқу құралдарында тарихи оқиғалар география, жаратылыс және экономика шынайы жазылып көрсетілуіне мүмкіндік туғызады.

1 0 - б а п

Уағдаласушы Тараптар арнайы жоба және бағдарлама бойынша екі елдің университеттері, институттары мен басқа оқу орындарының бірлесіп дайындаған зерттеулері жөнінде ынтымақтастығын қолдайды, оқытушылар, мамандар және студенттермен алмасу жоғарыда аталған жобалар мен бағдарларды қаржыландырып к ө з д е й д і .

1 1 - б а п

Уағдаласушы Тараптар алдын-ала келіскеннен кейін бір елдің екінші елде мәдени орталықтары мен қоғамдарының ашылуына керекті жағдай жасау мүмкіндігін жасайды .

1 2 - б а п

Осы Келісімнің жүзеге асуы үшін Уағдаласушы Тараптар Үкіметаралық комиссия құрады, екі елдің өкілдігінен тұратын, олар екі елдің астаналарында, әр екі жылда кездесіп тұрады. Комиссия ынтымақтастықтың Бағдарламаларын келісілген мерзімдерде дайындауға және оның орындалуына жауапты. Сондай-ақ Уағдаласушы Тараптардың келісімінің бір тараптың мүддесі бойынша жеке бір пункттердің өзгеруін, қисынын келтіру кеңесінде,

Келісімнің қаржы шарттарының орындалуын қадағалайды.

13-бап

Осы Келісім әр тараптардың ішкі заңдарына сәйкес бекітіледі және

ратификацияланады. Уағдаласушы Тараптар ол жөнінде дипломатиялық жүйелер арқылы бір-біріне хат түрінде хабарлайды.

Келісім соңғы қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім үшінші бір жақтың мүддесіне нұқсан келтірмейді, келісімге қол қойылған Уағдаласушылар Тараптары жағынан.

15-бап

Осы Келісімнің бес жылға дейін күші бар және Уағдаласушы Тараптардың бірі оның мазмұнын өзгертуі не бұзғысы келетіні туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, оның қолданыста болуы келесі бес жылдық мерзімге өзінен-өзі ұзартылады.

1995 жылы 30 тамызда Алматы қаласында, үш тілде: қазақ, иврит, ағылшын тілдерінде жасалды және барлық текстің де күші бірдей.

Егер Келісімнің текстінде талдауда айырмашылық болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі тексті қолданады.

Қазақстан Республикасының	Израиль Мемлекетінің
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.